

"Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 405 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 755 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 12388 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.02.2016 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі.

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-1) тармақшасына, «1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» 2015 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 405 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11473 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкету кедендік баждары қолданылатын тауарлар тізбесінде, мөлшерлемелер көлемінде және олардың қолданылу м е р з і м і н д е :

«

2715 00 000 0	Битум қоспалары	-	60 доллар	0	тұрақты
---------------	-----------------	---	-----------	---	---------

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2715 00 000 0	Битум қоспалары	-	15 %	0	тұрақты
---------------	-----------------	---	------	---	---------

» ;

«

7204	Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қайта балқытуға арналған қара металдардың құйма металдары (шихталық құймалар)	-	15 %, бірақ 1 тоннасына 20 евродан кем емес	15 %, бірақ 1 тоннасына 20 евродан кем емес	тұрақты
------	--	---	---	---	---------

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

7204	Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қайта балқытуға арналған қара металдардың құйма металдары (шихталық құймалар)	-	15 %, бірақ 1 тоннасына 15 евродан кем емес	15 %, бірақ 1 тоннасына 15 евродан кем емес	2016 жылғы қарашаның 31-сіне дейін
------	--	---	---	---	------------------------------------

» ;

мынадай жолмен толықтырылсын:

«

8607 19 100 1	Жиналған немесе бөлшектелген түріндегі білігі; дөңгелектер және оның бұрын пайдаланылған бөлшектері	-	5 %	5 %	тұрақты
---------------	---	---	-----	-----	---------

»

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануға жолдануын ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының

